

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  Л.Илимшаева

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің қыздар кеңесінің жылдық жоспары. 2021-2022 оқу жылы

р/с	Іс –шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Қызды қырық үйден тыю»Қыздар кеңесі төрайымын және оның көмекшілерін сайлау;Қыздар ережесі, әдебімен таныстыру.	Қыркүйек	ДТЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
2	Ерте жүктіліктің зардабы? Бойдағы кемшіліктен арылу. Шаш күтімі.	Қазан Қараша Желтоқсан	ДТЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
3	«Ерте жүктіліктің зардабы», «Репродуктивті денсаулық»	Жыл бойы	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
4	Өзін-өзі бағаламаудың денсаулыққа қауіптілігі, Тыныс алу жаттығулары, Қазақ қызы қандай болу керек.	Желтоқсан Қараша Ақпан	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Психолог Ф.Еспулганова
5	Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым қатынас. «Тазалық денсаулық кепілі»	Қаңтар Наурыз Сәуір	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова
6	Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны. От басып қалмашы, қазаққызы!	Ақпан Наурыз Мамыр	Медбике Г.Досбаева Психолог Ф.Еспулганова Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова 8-11 сынып жетекшілері
7	Жыныстық қарым-қатынас арқылы жуғатын жұқпалы аурулар	Наурыз Сәуір	Сынып жетекшілері Медбике Г.Досбаева қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова

Қыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде оқитын 5-11 сынып аралығындағы қыздар кеңесінің

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

16.09.2021ж

Күн тәртібінде:

1. Қыздар кеңесі төрайымын және оның көмекшілерін сайлау;
2. Қыздар ережесі, әдебімен таныстыру
3. Баяндама «Қызды қырық үйден тыю»

Тыңдалды:

Биылғы жылғы алғашқы отырысымызға мектептің тәрбие ісі жөн орынбасары – Б.Тұрлыбеков, мектеп медбикесі- Г.Досбаева, мектеп психологы-Ф.Еспулганова және әр сыныптың сынып жетекшілері-

- 5 «А» сынып жетекшісі-Тажиханова М
- 5 «Ә» сынып жетекшісі- Назарова М
- 6 «А» сынып жетекшісі- Таскулова А.
- 6 «Ә» сынып жетекшісі-Бегмуротова Ж
- 7 «А» сынып жетекшісі- Тахирова А.
- 7 «Ә» сынып жетекшісі-Сауытова С
- 8 «А» сынып жетекшісі –Сатымбекова М
- 8 «Ә» сынып жетекшісі- Керімбекова Р
- 8 «Б» сынып жетекшісі –Әріп М
- 9 «А» сынып жетекшісі- Картекова Ұ
- 9 «Ә» сынып жетекшісі- Балабек Г.
- 10 «А» сынып жетекшісі- Сергазиева М.
- 11 «А» сынып жетекшісі-Шандыбаева Н
- 11 «Ә» сынып жетекшісі-Абдикадирова Г

Болып бекітілгені айтылды. Алдымен жиында қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова ашып күн тәртібінен және жылдық жоспармен таныстырып алып-қосарларын сұрады. Бәрі де оны қолдап жоспар өте қызықты да мәнді құрылған деп тапты.

Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова болып қалуын көпшілік өтте қатты қалап отырғанын айтты.Әр сыныптан төрайымға көмекші ретінде сыныптың қыздар төрайымы сайланды.

8 «Ә» Қалдыбек А

8 «А» Нұралы Н

8 «Ә» -Әбдіхалық

6 «А»-Арыстанбекова М.

9 «Ә»-Бегімхан. Н.

7 «А» -Қозы К.

11 «Ә» -Нұралы Б

9 «А»- Арыстанбекова А.

9 «Ә»-Рахаева. А.

10 «А»- Сапарәлі А

11 «А»-Бертай А.

Мектепте қыздардың формасы ақ кофта, қаракөк юбка, қыста қаракөк пиджак болып белгіленген. Ал ішкі тәртіпке келсек шашын өріп, ақ бантик тағу керек, алтын, сырғалар тағу, тырнақ өсіру, бояу женси шалбар, тым тар қысқа кию, бетін бояуға болмайды. Әдепсіз сөйлеу, бақырып күлу, ер кісінің жолын кесу ежелден-ақ халқымызға жат қасиет екені белгілі. Снымен бірге қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова қыз баланың тәрбиесіне аса мән беру әрбір ата-ананың міндеті екенін айтып өтті. «Шешесін көріп қызын ал» деп халық мақалы бекер айтылмаған. Ежелден халқымыз қыз баланың тәрбиесіне аса назар аударып келеді себебі «Қыз қылығымен сүйкімді екенін естен шығармауымыз керек деп М.Сатымбекова «Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндамада қазіргі кезде қыз тәрбиесіне байланысты сөз болды. Келген сынып жетекшілерде өз пікірлерін айтып өтті. .

Қаулы етеді:

1. Қыздар кеңесі болып М.Сатымбекова тағайындалсын
2. қыздар ішкі тәртіпке сай болсын.
3. Қыздар әдепті болып жүрейік.

Кеңес төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тоғысбай

**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «От басып қалмашы қазақ қызы»
тақырыбында жүргізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күн: 20.10.2021ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

- 1.«От басып қалмашы қазақ қызы» тақырыбында баяндама
М.Сатымбекова (7-11 сынып қыздары кеңесінің жетекшісі)
- 2.Гинеколог жас қыздарға қажетпе - Г.Досбаева (мектеп медбикесі)
- 3.Бойдағы кемшіліктерден арылу баяндама мектеп психологі ф.Еспулганова.
- 4.Шаш күтімі– М.Сатымбекова (қыздар кеңесінің жетекшісі)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша М.Сатымбекова (қыздар кеңесінің жетекшісі) «От басып қалмашы қазақ қызы» тақырыбында бенеролик көрсетіліп, сұрақ жауаптар мен тақырыпты аша білді. Әрбір қазақ қызы еліміздің болашағы абыройы екенін ұмытпауға шақырды. Қазақ халқының мағыналы сөздері мен мақал-мәтелдерін мысалға ала отырып, бейнероликтегі әрбір көріністі талқылады, сонымен бірге оқушы қыздар сұрақтарға жауап бере отырып тақырыптың қыз бала үшін мағынасы үлкен екендігін түсінді.

Екінші мәселе бойынша Г.Досбаева (мектеп медбикесі) гинекологиялық тұрғыда кеңес берді. Әр қызбала 14 жастан кейін гинекология тексеруінен өтуі қажет. Бұл оның болашақта ана атануына, ұрықсыздықтың алдын алуға жәрдемдеседі. Жаңа басталған аурулардың жолын қию керек. Тексеру қиын емес, жеңіл сыртқы жағынан УДЗ арқылы өтетінін түсіндірді. Медбике қыздардан түрлі сұрақтар беріліп түсіндірілді.

Үшінші мәселе Ф.Еспулганова (мектеп психолгі) Бойдағы кемшіліктен арылу үшін адам өзін-өзі сырттай сыни көзбен бақылау қажет. «Болмасаңда ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз» деп Абай бабамыз айтқандай жақсыға еліктей білген де дұрыс. Түзілмейтін мінез жоқ, тек ниет керек. Алға мақсат қойып, ұмтылған адам дегеніне жетеді..

Төртінші мәселе бойынша М.Сатымбекова (қыздар кеңесінің жетекшісі) Шаш жылтылдап үсті-басы жинақы жүрген қыз сұлулыққа бір табан жақын екен, Ата баба «Қыздың көркі шаш» деп бекер айтпаған. Шаш күтімі туралы кеңестер қыздарға көбірек айтылды. Жиын қызықтыда тартымды өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Әрбір қыз ата-анасымен гинекологиялық тексеруден өтсін.
- 2.Жақсы адам болуға ұмтылсын.
- 3.Шаш күтімі қолға алынсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22.12.2021ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Өзін-өзі бағаламаудың денсаулыққа қауіптілігі
2. Тыныс -алу жаттығулары
3. Қазақ қызы қандай болу керек

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы ф.Еспулганова өз сөзінде баланың өзін-өзі бағалауы баланың қарым-қатынас жасауына сынға қалай қарайтынына өзін қалай ұстауы денсаулыққа әсер етеді. Ең алдымен әр бір бала мақтауға лайықты жан екенін, өзін сыйлауға сыйлы болуға лайықты екенін есте ұстауы керек. Сонымен бірге әрбір адамзат өзін жақсы көріп өзін сыйласа ол ортасында да сый құрметке ие болады. Өзінің жақсы жағын көрсетіп көңілді жүрсе оның өзіне деген сый құрметті артады.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева өз баяндамасында тыныс алу жаттығулары-әдемі сөйлеудің денсаулық кепілінің басты негізі. Тыныс алу-адам тәнінің аса маңызды қызметтерінің бірі болып табылады.

Үшінші мәселе бойынша мектеп қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова «Қазақ қызы қандай болу керек?» деген баяндамасында қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс. Қыз баланың ары мен абыройы сыры мен сымбатын сақтауы келекшек өміріне даярлығы әрқайсысы өз алдына дербес тақырып екенін түсіндірді.

Қаулы етеді:

1. Адамзат перзенті екенімізді ұмытпайық.
2. Өз денсаулығымызды сақтай білейік

Қыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  А.Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 18.01.2022ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым –қатынасқа түсудің зияны.
2. От басып қалмашы, қазақ қызы!

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайым М.Сатымбекова өз сөзінде «Ел ұлымен берік, қызымен көрік» яғни қазақ халқы ұл дүниеге келгенде ел қорғайтын азамат туды деп мақтанып, масаттанады. Сондықтан да ұл баланы асқар тауға, алынбас қамалға, алмас қылышқа, қайратты бүркітке теңейді. Батырлардың көпшілігі ұлдардан шыққан. Қобыланды батыр, Алпамыс, Райымбек, Абылай, Сырым және т. б. Қыздардан шыққан батыр болса, халық оларды ер мінезді дейді. Ал қыз дүниеге келгенде елге, өмірге көрік берер қыз туды, деп мәз - мейрам болады. Өйткені қыз бала тән сұлулығымен ғана емес жан сұлулығының байлығымен өмірді мәнді де, сәнді етеді. Оларды гүлге, күнге, айға теңейді. Даналықтары ерлерден кем түспеген қыздар да жоқ емес. Мыс: Ұлдай хан, Қарашаш сұлу, Айша бибі, Домалақ ана және т. б жақсылыққа теңейді деп түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова өз баяндамасында қазақ халқында «Ағаш түзу өсу үшін көшет кезінде көмектесуге болады, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Осындай ұстаныммен баланың бойында адамгершілік құнды қасиеттерді жастайынан сіңіруіміз қажет деп түсіндірді.

Қаулы етеді:

- 1.Қыздар жұмысы жандандырылсын.
2. Жақсы адамзат болуға ұмтылсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тоғысбай

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде оқитын 5-11 сынып қыздарымен «Тазалық денсаулық кепілі» мақсатында жүргізілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

11.03.2022ж

Күн тәртібінде:

1. «Тазалық денсаулық кепілі» (медбике Г.Досбаева)
2. Қазақ қызы қандай болу керек. М.Сатымбекова
3. Көктем мезгіліне сай шаш күтімі. (кеңес М.Сатымбекова)

Тыңдалды:

Жиынды кеңес төрайымы М.Сатымбекова ашып, қыздарды түгендеді. Әр сыныптағы қыздар төрайымы өз жұмысымен, сынып жағдайымен төрайымды хабардар етті.

Мектебіміздің медбикесі Г.Досбаева «Тазалық денсаулық кепілі» атты баяндама оқып қыздарды тазалыққа шақырды. «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» демекші әр адам баласы өз денсаулығына қарау, таза жүру, зиянды заттардан бойымызды аулақ ұстауымыз қажет екені жайлы хабардар етті.


«Қазақ қызы қандай болу керек» атты тақырыпшаны қыздар кеңесі төрайымы М.Сатымбекова ашты. Қос бұрымды қыздардың әдебі, жүрісі, күлкісі туралы айтып, ең әуелі бастысы тәрбиелікте болатыны туралы сөз қозғады. Қыздарға ашық киінбеу, беті жүзін боямау үлкен кісінің алдында жол кеспеу, ер адамдардың алдында қарқылдап күлмеу туралы әңгіме қозғады. Қыздар айтылған әңгіменің бәрін дұрыс деп тапты.

Алдымызда көктем мезгілі екені белгілі, соған байланысты шаш күтімі бізді ерекше нұрландырады. Шаш жылтылдап, үсті-басы жинақы жүрген қыз сұлулыққа бір табан жақын екен. Ата-баба қыздың көркі шаш деп санаған шаш күтімі туралы кеңестер қыздарға өте ұнайды екен. Көбісі бұл кеңестен көп, қызықты деректер ала білді.

Жиын қызықты да тартымды өтті.

Кеңес қаулы етеді:

1. Өз денсаулығымызды сақтай білейік;
2. Адамзат перзенті екенімізді ұмытпайық;
3. Шаш күтімі қолға алынсын;
4. Мектеп тіртібі сақталынсын.

Жиналыс төрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тоғысбай